

Ш.Қ. Төленді<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫ БОЛҒАН, КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

*Аңдатпа*

Балалар, қорғауды қажет ететін, әлсіз демографиялық топ болып табылатындықтан, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау әр азаматтың міндеті. Мақалада жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қоғамға бейімдеудің әлеуметтік мәселелері қарастырылған. Мақала 2019-2020 ж. бойына жасалған ауқымды ғылыми зерттеу жұмысының шағын бөлігі. Мақаланың негізгі мақсаты, елімізде жыныстық зорлық-зомбылық құрбаны болған балалармен жүргізілуі тиіс әлеуметтік жұмыс-тың жаңа бағаттарын анықтау. Көрсетілген мақсатқа жету жолында, мақала авторы ауқымды зерттеу жұмысын жүргізді. Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында сапалық әдіске негізделген тереңдетіл-ген эксперттік сұхбат әдісі қолданылды. Сұхбатқа Қазақстанда орналасқан дағдарыстық қолдау орталықтарының сарапшы мамандары қатысты. Қазіргі тандағы қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі балаларға қатысты қарым-қатынасқа да өз әсерін тигізуде. Балалар мемлекетіміздің болашақ іргетасы болғаннан кейін, олардың болашақта толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына барлық оңтайлы жағдайлар қарастырылуы қажет. Осы себептен де балаларға олардың балалық шағында жыныстық зорлық-зомбылық көрсету балалардың психологиялық тұрғыдан қатты соққы алуына кейін баланың болашақта тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мақаланың кең ауқымды мақсаты Қазақстандағы кәмелеттік жасқа толмаған балаларға көрсетілетін жыныстық зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарларын анықтау және дағдарыстық орталықтар негізінде жыныстық зорлық құрбандары болған балалармен әлеуметтік жұмыстың технологияларын жүзеге асыру ерекшеліктері мен механизмдерін сараптау. Мақаланың ғылыми ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасы әлеуметтік қорғау министрлігі, денсаулық сақтау министрлігі және басқа да министрліктер мен ведомстволардың мәліметтері мен ресми құжаттары, жыныстық зорлық-зомбылық құрбандары бол-ған, кәмелеттік жасқа толмаған балалармен әлеуметтік жұмыс ерекшеліктерін дағдарыстық орталықтар негізінде анықтауға қатысты оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, газет және журналдағы мақалалар, әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік сала төңірегіндегі зерттеулер қолданылды.

**Кілттік сөздер:** бала, жыныстық зорлық-зомбылық, постравмалық кезең, психикалық зақым, әлсіз әлеуметтік топ.

Ш.Қ. Төленді<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби

## ТЕХНОЛОГИИ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ С НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ ДЕТЬМИ, СТАВШИМИ ЖЕРТВАМИ СЕКСУАЛЬНОГО НАСИЛИЯ

*Аннотация*

Защита прав и интересов детей является слабой демографической группой, требующей защиты, так как они являются обязанностью каждого гражданина. В статье рассмотрены социальные проблемы адаптации детей, подвергшихся сексуальному насилию, к обществу. Статья представляет собой небольшую часть масштабной научно-исследовательской работы, разработанной на период 2019-2020 гг. Основная цель статьи заключается в определении новых оценок социальной работы, которые должны проводиться с детьми, ставшими жертвами

сексуального насилия в стране. На пути достижения указанной цели автор статьи провел обширную исследовательскую работу. При написании научно-исследовательской работы использовался метод углубленного экспертного интервью, основанный на качественном методе. В интервью приняли участие экспертные специалисты центров кризисной поддержки, расположенных в Казахстане. Изменение системы ценностей в современном обществе оказывает влияние и на отношения к детям. После того, как дети стали фундаментом будущего нашего государства, должны быть предусмотрены все оптимальные условия для их дальнейшего становления как полноценной личности. По этой причине сексуальное насилие детей в их детстве негативно сказывается на том, что ребенок становится личностью в будущем после того, как дети умирают психологически. Обширная цель статьи заключается в выявлении причин и последствий сексуального насилия, оказываемого несовершеннолетним детям в Казахстане, и анализе особенностей и механизмов реализации технологий социальной работы с детьми, ставшими жертвами сексуального насилия на основе кризисных центров. В качестве научной информационной базы статьи используются данные и официальные документы Министерства социальной защиты, Министерства здравоохранения Республики Казахстан и других министерств и ведомств, учебные программы и учебные пособия, касающиеся определения особенностей социальной работы с несовершеннолетними детьми, ставшими жертвами сексуального насилия, на основе кризисных центров, статьи в газетах и журналах, исследования в области социальной защиты и социальной сферы.

**Ключевые слова:** ребенок, сексуальное насилие, посттравматический период, психические расстройства, слабая социальная группа.

*Sh.Q. Tolendi<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Al-Farabi Kazakh national university*

## **TECHNOLOGIES OF SOCIAL WORK WITH MINOR CHILDREN WHO HAVE BEEN VICTIMS OF SEXUAL VIOLENCE**

### *Abstract*

Since children are a vulnerable demographic group that needs protection, it is the duty of every citizen to protect their rights and interests. The article deals with social issues of adaptation of children subjected to sexual violence in society. The article is a small part of the large-scale research work carried out during 2019-2020. The main purpose of the article is to identify new criteria for social work that should be carried out in the country with children who have become victims of sexual violence. On the way to achieving this goal, the author of the article conducted a large-scale research work. In the process of writing the research paper, the method of in-depth expert interviews based on the qualitative method was used. The conversation was attended by experts from crisis support centers located in Kazakhstan. Changing the value system in modern society also affects the attitude towards children. Once children become the Future Foundation of our state, it is necessary to consider all the optimal conditions for their future formation as a full-fledged person. For this reason, sexual abuse of children in their childhood negatively affects the future development of the child as a person, after which children receive a strong psychological shock. The broad purpose of the article is to identify the causes and consequences of sexual violence against minors in Kazakhstan and to analyze the features and mechanisms of implementing technologies for social work with children who have been victims of sexual violence on the basis of crisis centers. Data and official documents of the Ministry of social protection of the Republic of Kazakhstan, the Ministry of Health and other ministries and departments, educational programs and manuals, articles in newspapers and magazines, research on social protection and social sphere were used as the scientific information base of the article.

**Key words:** child, sexual abuse, post-traumatic period, mental damage, weak social group.

Қазіргі уақытта мемлекетіміздегі ең өзекті мәселелердің бірі – ол балалардың зорлық-зомбылыққа, соның ішінде, жыныстық зорлық-зомбылыққа жиі ұшырау мәселесі болып отыр.

Негізінен елімізде көптеген заңнамалар балалардың құқықтарын қорғау мен оларды әлеуметтік қолдауға бағытталып отырса да, бүгінгі күні жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың саны азайған жоқ. Сондай-ақ, балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықты азайту үшін көптеген мемлекеттік шаралар қолданылуда және осы мәселенің алдын-алу жолдары кешенді түрде қарастырылып жатыр. Балалар, қорғауды қажет ететін, әлсіз демографиялық топ болып табыла-тындықтан, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау әр азаматтың міндетті борышы деп есеп-теймін. Осы себептен де жыныстық зорлыққа ұшыраған балалармен әлеуметтік жұмыс техно-логиясына негізделген оңалту шараларын дағдарыстық орталықтар арқылы дамыту қазіргі таңда өзектілікке ие болып отыр [1]. Қазіргі таңдағы қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі балаларға қатысты қарым-қатынасқа да өз әсерін тигізуде. Балалар мемлекетіміздің болашақ іргетасы болғаннан кейін, олардың болашақта толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына барлық оңтайлы жағдайлар қарастырылуы қажет. Осы себептен де балаларға олардың балалық шағында жыныстық зорлық-зомбылық көрсету балалардың психологиялық тұрғыдан қатты соққы алуына кейін баланың болашақта тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 4-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек күш көрсету немесе психологиялық қана емес, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.


Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 73 бабына сәйкес, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қатарына былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер жатады.

Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға көрсетілетін жыныстық зорлық пен оны пайдалану мәселесі елімізде осы кезге дейін қалыптасқан тәрбие мен менталитет ерекшеліктеріне байланысты мүлдем айтылмайтын мәселе болып келген. Балаларға жыныстық зорлық көрсету әрекеттері осы күнге дейін басқа елдерде орын алып жатқан, бірақ біздің мемлекетіміз үшін сирек құбылыс болып саналды [2]. Бірақ, бүгінгі күні кәмелеттік жасқа толмаған балаларға жыныстық зорлық көрсету қоғамымызда ең кең таралған жағымсыз құбылыс болып отыр. Еліміздің Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша кәмелет жасына толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың саны өскен. ҚР Қылмыстық кодексінің 121-бабы «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері» бойынша қылмыстар 2016 жылдың өзінде 38,2 пайызға өскен, яғни 115-тен 159-ға жеткен, олар Павлодар облысында (43), Алматы облысында (23), ОҚО-да (17), ШҚО-да (12) және Алматыда (18) тіркелген [3]. Сәбиді зорлап, одан соң артынша оны өлтіріп кетуге дейін баратын адамдардың әрекетінен бүгінде қоғам дабыл қағып отыр. Бұл тұрғыда Парламентте аталған мәселе кеңінен талқыланып, кәмелеттік жасқа толмаған балаларға жыныстық зорлық көрсеткен қылмыскерлердің жазасын қатаңдату туралы шешім қабылданды. Бүгінде кәмелеттік жасқа толмаған балаларға жыныстық зорлық көрсеткен педофилдер 20 жылға бас бостандығынан айырылады. Алайда мұндай «қатаң» жазалау қылмыскерлердің әрекеттерін тоқтатқан жоқ. Керісінше күн өткен сайын балаларды зорлау әрекеттерінің саны өсуде. Балаларға жыныстық тұрғыдан қатыгездік көрсету бүгінгі күні

өкінішке орай қалыпты жағдайға айналып отыр, оның салдары ретінде жыныс-тық зорлықтың құрбаны болған балалардың физикалық, психологиялық даму мен эмоционалдық саласы тұрғысынан ауытқулар пайда болады [4]. Ал, бұл өз кезегінде баланың денсаулығына кері әсерін тигізеді, оның психикасын бұзады, тұлғалық дамуын тежелтіп қана қоймай, сонымен қоса басқа да күрделі әлеуметтік нәтижелерге алып келеді, атап айтсақ, еңбек ете алмайтын, дұрыс отбасын құра алмайтын, жақсы ата-ана бола алмайтын әлеуметтік бейімделмеген тұлғаларды қалыптастырады. Осыған орай аталмыш тақырып бүгінгі күні қоғамда өте өзекті. Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа қатысты көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеді. Мысалы үшін, Н.С. Бакланның [7], О.В. Глуздованың, М.Г. Флямердің, А.Маслоудың, З.Ж. Жаназарованың, Г.Г. Исмуханованың, Л.Т. Қожамқұлованың, Т.Ж. Қалдыбаеваның, А.А. Тынышбаеваның [6] еңбектерінде мәселеге әлеуметтік тұрғыдан зерттілінген. Алайда, жыныстық зорлық зомбылық көрген балалармен әлеуметтік жұмыс жасау мәселесінің әлеуметтік жұмыс тұрғысынан зерттеу мәселесі өте аз зерттеліп, ғылыми ізденісті талап етуде.

Жоғарыда аталған мәселелерді анықтау мақсатында, тереңдетілген эксперттік сұхбат әдісі жүргізілді. Мақаламыздың әдістемелік базасы, жыныстық зорлық зомбылық көрген балаларды қоғамға бейімдеуде қандай әлеуметтік жұмыс көрсетілуі тиіс. Жүргізілген зерттеу нәтижесі жыныстық зорлық құрбандары болған кәмелеттік жасқа толмаған балалармен әлеуметтік жұмыс технологиясы ретінде оларды дағдарыстық орталықтарда оңалтуға байланысты айқын жаңа ақпараттар береді және нақты осы жағдайдағы балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізуде қажетті жаңа пәндерді жетілдіруге мүмкіндік береді.



1-сурет. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға жасалған жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттерінің саны

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің дерегі бойынша Қазақстанда соңғы 5 жылда, яғни 2013 пен 2017 жылдар аралығында кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қарсы 964 жыныстық зорлық әрекеттері тіркелген. Сонымен қатар, соңғы 2018 жылда орын алған кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық қылмыстық әрекеттердің саны қарастырылған. Жоғарыда берілген 1-суреттен 2013 жылы кәмелеттік жасқа толмаған 258 адамға қарсы зорлау дерегі тіркелсе, ал 2014 жылы бұл көрсеткіш екі есе қысқарған, яғни бұл жылы 169 зорлау әрекеттері тіркелгендігін байқауға болады. Ал, 2015 жылы 254 бала зорлық көрсе, 2016 және 2017 жылдары 123 және 131 кәмелеттік жасқа толмаған бала зәбір көрген ретінде тіркелген. Бірақ бұл деректер бойынша, қанша қылмыстық істің сотқа жеткені және сот үкімінен кейін қанша адамның шағым түсіру арқылы жазасын жеңілдеткен-жеңілдетпегені беймәлім. Сонымен қатар, ведомство мәліметінше, биылғы 15 наурыздағы мәліметке сай кәмелетке толмаған 19 адам зорланды деген дерек тіркелген. Бұл диаграммадан соңғы 2017 жылдан

балаларға қарсы жыныстық зорлық әрекеттерінің 2016 жылмен салыстырғанда біршама артқанын байқаймыз. Бұл өз кезегінде дабыл қағуды талап етеді.

Негізінен елімізде көптеген заңнамалар балалардың құқықтарын қорғау мен оларды әлеуметтік қолдауға бағытталып отырса да, бүгінгі күні жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың саны азайған жоқ. Соңғы бес жылда кәмелетке толмағандарға зорлық көрсеткен 164 қылмыскер 5 жылға дейін, 375 қылмыскер 10 жылға дейін, 344 қылмыскер 15 жылға дейін, 252 қылмыскер 20 жылға дейін, 18 педофил 20 жылдан астам және 4 қылмыскер өмір бойына бас бостандығынан айырылған. 4 азамат тек шартты түрде бас бостандығынан айырылған. 2020 жылдың өткен кезеңінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қауіпсіздігіне қылмыстық қол сұғушылық бойынша 503 факті тіркелген.

Бала – күнделікті үздіксіз жетілуші, дамушы организм. Олар әр жас этаптарында өзіндік нақты морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерге ие болады. Қазіргі замандағы Қазақстандағы балалар мәселесін шешу қоғамдағы гуманизация үрдісімен үздіксіз байланысты [8]. Бұл да өз кезегінде қоғамның ізгілігі, оның маңызды ізгілікті институтын, яғни, балаларды әлеуметтік қорғау институтының бар болуын талап етеді. Бүгінгі таңда бүкіл Қазақстанда балаларды әлеуметтік қорғау мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізін көрсететін ең маңызды, сондай-ақ, негізгі қоғам дамуының мәдени, әлеуметтік, экономикалық факторларының бірі болып отыр. Әлеуметтік қорғауды иемдену құқығы бала құқығы статусының ең маңызды элементі болып табылады. Оның барлығы халықаралық құқықтық стандарттар мен көптеген дамушы елдердің конституцияларында бекітілген. Кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету оларды құқықтық қорғаумен тікелей байланысты. Бұл туралы 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияда аталып өтеді. Ол бойынша балалар өздерінің табиғи нәзіктігіне байланысты ерекше қамқорлық пен қорғауды қажет ететіндігі, әсіресе басты қамқорлық пен жауапкершілік отбасы иелеріне жүктелетіндігі расталады. Сондай-ақ, онда баланы туылғанға дейін және туылғаннан кейін құқықтық және басқалай қорғау қажеттігі, оның туған халқының мәдени құндылықтарын құрметтеу маңыздылығы және бала құқығын қорғау жолында халықаралық ынтымақтастықтың рөлі мақұлданады [9]. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы екендігін жариялағанын еске ала отырып, отбасына қоғамның негізгі ұясы ретінде және оның барлық мүшелерінің, әсіресе балалардың өсіп-жетілуінің және игілігінің табиғи ортасы ретінде, қоғам шеңберінде өз міндеттерін мойнына толық ала алатындай қажетті қорғау және жәрдем көрсетілуі тиіс. Қазіргі таңда балаларды әлеуметтік қорғау саласындағы объектілері мен субъектілері мәселесіне қатысты бір көзқарас жоқ. Сондықтан балаларды әлеуметтік қорғау саласы бойынша (В.А. Варывдинов және И.П. Клемантович) және әлеуметтік жұмыс (П.Д. Павленок, Е.И. Холостова) мамандарының зерттеген жұмыстарын ескере отырып, бір жеке объектілер мен субъектілердің түсінігін қарастырсақ болады [10]. Балаларды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың объектісін кең мағынада алғанда бұл барлық балалар, яғни 1959 ж. бала құқықтары декларациясына сәйкес арнайы қолдау мен қамқорлықты қажеттететін кәмелетке толмағандар болып табылады.

Бүгінгі күні бұл қоғамдағы өзекті мәселе болып табылғандықтан, осы тақырыпты таңдап, осы тақырыпта зерттеу жүргіздім. Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысты эксперт мамандардан бірқатар сұрақтар қойылып, олардан жауап алынды, сонымен қатар, ол сұрақтардың нәтижелері диаграмма, кесте, түрінде ұсынылды [11]. Жалпы, зерттеудің нәтижесі қазіргі күні балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың әлі күнге дейін біздің қоғамымызда орын алып отырғандығын айқындадық. Келесі кезекте эксперт мамандарға осы мәселе бойынша бірнеше сұрақтар қойлып, шынайы жауаптар алдық. Эксперт мамандардың барлығы балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын-алудың басты жолы ол балаларды осындай жағдайға душар еткен тұлғаларға қатысты заңнамалық жазаларды қатаңдату керектігін ұсынды [12]. Және мемлекетімізде жыныстық зорлық-зомбылық құрбандары болған кәмелеттік жасқа толмаған балалармен арнайы жұмыс жасайтын дағдарыстық орталықтар мен арнайы мамандар жетіспеушілігіне орай Қазақстан

Республикасында осы мақсатта арнайы жұмыс атқаратын дағдарыстық орталықтар қажеттілігі ұсынылды. Балаларды әлеуметтік қолдау мен олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау кез-келген азаматтың міндеті деп біліп, оларға қатысты жыныстық зорлық көрсетудің алдын-алу және осы жағдайға душар болған балаларды оңалту үшін барлық жағдайларды жасағанымыз дұрыс.

Балалардың барлығы толыққанды бақытты балалық шаққа құқылы болғандықтан, оларды осы құқығынан айырмау біздің міндетіміз болып есептеледі. Жүргізілген зерттеу жұмысы өте ауқымды болғандықтан, зерттеуіміздің қысқа нәтижелерін төменде ұсынамыз.

Біріншіден, балалар ерекше көмекті қажет ететін қоғамның әлсіз топтары ретінде қарастырыла отырып оларға қарсы жыныстық зорлық-зомбылықтың мәні мен мазмұны, теориялық бағыттары айқындалды. Осы бағытта қарастырылған тұжырымдамалардан балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың барлық жағдайларын түсіндіре алатын бірінғай теория жоқ. Бірақ бұл мәселені зерттеген көптеген ғалымдардың әлеуметтік, психологиялық, медициналық тұжырымдамалары балаларға қатысты жасалынатын жыныстық зорлық- зомбылықтың мән-мазмұны мен себептерін түсіндіруге негіз болатынын аңғардық.

Екіншіден, кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жасалынатын жыныстық зорлық-зомбылықтың түрлерін, себептері мен салдарын зерттей келе, зорлық-зомбылықтың оның ішінде балаларға қатысты жасалынатын жыныстық зорлықтың бірнеше түрі бар, ал оның ішінде елімізде ең көп таралағаны зерттеу жұмысы бойынша балаларға туыстары тарапынан жасалынатын жыныстық зорлықтың бір түрі ретінде инцест пен педофилия әрекеттері екендігі анықталды. Сондай-ақ, зерттеу бойынша елімізде кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық зорлық-әрекеттерінің артуына қазіргі таңда БАҚ-да осы бағыттағы жаңалықтардың және сексуалды азғұрылар мен жыныстық қиялдар негізіндегі фильмдер мен жарнамалардың жиі көрсетілуін, адамдардың рухани құндылықтар жүйесінің өзгеріске ұшырауын, жыныстық сипаттағы интернет сайттарға деген қолжетімділіктің жеңілденуін, ата-аналардың баланың не қалайтындығын толық түсінбеуін және ата-ананың баласына деген қараусыздығын басты себептер ретінде танып, бүгінде олардың алдын-алу қажеттілігі ұсынылды. Сондай-ақ, зерттеу барысында кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық зорлық әрекеттерін жасаушы педофилдерге қатысты заңды күшейту қажет және 2018 жылы 1 қаңтардан бастап қолданылып келе жатқан «Педофилдерді кастрациялау» туралы заң мемлекетімізге үлкен шығын алып келетіндігі анықталды [13].

Үшіншіден, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасында жыныстық зорлық құрбандары-мен жұмыс жасайтын арнайы дағдарыстық орталықтар мен кәсіби мамандардың сондай-ақ, жыныстық зорлыққа ұшыраған балалармен арнайы жұмыс жүргізу бағдарламасының жоқ екендігі анықталды.

Төртіншіден, Қазақстанда осы мақсатта жұмыс жасайтын орталықтарға деген қажеттіліктердің артуына байланысты жыныстық зорлық құрбаны болған балалармен жұмыс жасауға бағытталған шет елдік дағдарыстық орталықтардың жұмыс технологиялырна талдау жасалына отырып, құрбан болған балаларды оңалтуға бағытталған авторлық бағдарлама негізінде «Жыныстық зорлық құрбандары болған кәмелеттік жасқа толмаған балалармен әлеуметтік жұмыс» деген атпен оңалту жұмысының «Қазақстандық үлгісі» ұсынылды.

Бесіншіден, зерттеу барысында көп жағдайларда ата-аналардың балаларына немқұрайлы қарайтындығы және балаларымен жақын қарым-қатынас орнатып оларға көңіл бөлудің жоқтығы анықталды. Сол себептен де мемлекетімізде ата-аналарға және балаларға жыныстық зорлықтың алдын-алу барысында арнайы түсіндірме жұмыстарын бүкіл Қазақстан аймағында жүргізу қажет деген ұсыныс жасалынды [14]. Бала әрбір мемлекеттің болашағы, ал мемлекеттің болашағы жарқын болсын десек, онда балаларымыздың балалық шағының бақыт пен қуанышқа толы болып, ешқандай ешкімнен жәбір көрмей өсуін қамтамасыз етуге барынша ат салысуымыз керек. Еліміздегі кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесінің алдын алуына, дағдарыстық орталықтардың жұмысын дамытуға және жыныстық зорлық- зомбылықтан зардап шеккен балалармен жүргізілетін әдістер мен технологияларды жетілдіруге көмектесетін келесідей ұсыныстарды ескеру қажет:

- бұқаралық ақпарат құралдарына балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты дәлелденбеген ақпараттарды шектен тыстаратуға тиым салу;
- балаларға жыныстық зорлық-зомбылық әрекетін тудырушы педофилдерді химиялық кастрациялау заңы мемлекетімізге үлкен материалдық шығын алып келетіндіктен, ол заңды жойып, орнына «педофилдерді чиптеу» туралы заң енгізу қажет;
- балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі таңда елімізде өзекті мәселелер қатарынан орын алатындықтан, осы бағытта ғылыми зерттеу жүргізу үшін ҚР Білім және Ғылыми Министрлігі арнайы гранттар бөлу қажет;
- жыныстық зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды оңалту мақсатында жұмыс жасайтын арнайы дағдарыстық орталықтар ашу қажет, себебі қазіргі таңда тұрмыстық зорлық құрбандары болған әйелдер мен балаларға арналған дағдарыстық орталықтар мен приюттар басымдықты балаға емес әйелге қояды. Сондықтан да болашақта, басымдықты жыныстық зорлық көрген балаларға қоятын арнайы осы бағытта бағдарланған оңалту орталықтарын ашу қажет;
- жыныстық зорлық-зомбылық көрген балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсететін арнайы осы бағытта жұмыс жасайтын кәсіби мамандар (әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар, заңгерлер мен денсаулық сақтау қызметкерлері) одағын құру қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Григович И.Н. Синдром жестокого обращения с ребенком. Диагностика. Помощь. Предупреждение. – М.: Национальный фонд защиты детей от жестокого обращения, 2012.
2. Байсакова З.М. «Тұрмыстық зорлық құрбандары үшін дағдарыс орталығы: қағидалар және жұмыс нұсқалары» оқулығы. – Астана, 2010. – 232 б.
3. Цымбал Е.И. Жестокое обращение с детьми: причины, проявления, последствия. Учебное пособие. – М: РБФ НАН, 2007. – 272 с. 58-б.
4. Исмұханова Г.Г., Садықова А.Ж. «Балаларды қатігездікпен қараудан және сексуалдық пайдаланудан қорғау мониторингі». Әдістемелік құрал. – Алматы: «Колесо» Баспа үйі, 2009 ж. – 160 б.
5. Despert J.L. The emotionally disturbed child – then and now. – N.Y.: Brunner. – 1965.
6. Асанова Н.К. Руководство по предупреждению насилия над детьми: Учебное издание для психологов, детских психиатров, психотерапевтов, студентов педагогических ВУЗОВ. – М.: Издательский гуманитарный центр ВЛАДОС, 1997. – 512 с.
7. Finkelhor D. The victimization of children: A development perspective // American J. of Orthopsychiatry. - 1995. - Vol.65. – P.177-193.
8. Малкина-Пых И. Г. Психология поведения жертвы: Справочник практического психолога. – М.: Эксмо, 2006. – 1008 с.
9. Glaser D., Frosh S. Child sexual abuse. Practical Social Work Series. Macmillan. London, 1988
10. Черепанова Е.М. Психологический стресс: Помогите себе и ребенку. – М.: Издательский центр «Академия», 1997. – 96 с.
11. Кон И.С. Введение в сексологию. – М.: Медицина, 1988. – 320 с.
12. Гиндин Г.И., Духова О.Б. Социально-психологическая помощь детям -жертвам сексуального насилия в семье. – Волгоград, 1997. – 210 с.
13. Догадина М.А. Пережогин Л.О. Выявление, профилактика, реабилитация потерпевших. – М., 2000. – 189 с.
14. Baker A., Duncan S. Child sexual abuse: a study of prevalence in Great Britain // Child Abuse and Neglect. 1985. Vol. 9. P. 357-367.

#### References:

1. Grigovich I.N. Sindrom zhestokogo obrashcheniya s rebenkom. Diagnostika. Pomoshch'. Preduprezhdenie. – М.: Nacional'nyj fond zashchity detej otzhestokogo obrashcheniya, 2012.
2. Baisakova Z.M. «Turmystyq zorlyq qurbandary yshin dagdarys ortalygy: qagidalar zhane zhumys nysandary» oqulygy. – Astana, 2010. – 232 b.

3. Cymbal E.I. *Zhestokoe obrashchenie s det'mi: prichiny, proyavleniya, posledstviya. Uchebnoe posobie.* – M.: RBF NAN, 2007. – 272 s.58-b.
4. Ismuhanova G.G., Sadyqova A.hH. «Balalardy qatigezdikpen qaraudan zhane seksualdyq pajdalanudan qorǵau monitoringi». *Adistemelik qyral.* – Almaty: «Koleso» Baspa yji, 2009 zh. – 160 b.
5. Despert J.L. *The emotionally disturbed child – then and now.* – N.Y.:Brunntr. – 1965.
6. Asanova N.K. *Rukovodstvo po preduprezhdeniyu nasiliya nad det'mi: Uchebnoe izdanie dlya psixologov, detskih psixiatrov, psixoterapevtov, studentov pedagogicheskikh VUZOV.* – M.: Izdatel'skij gumanitarnyj centr VLADOS, 1997. – 512 c.
7. Finkelhor D. *The victimization of children: A development perspective // American J. of Orthopsychiatry.* - 1995. - Vol.65. – P.177-193.
8. Malkina-Pyh I. G. *Psixologiya povedeniya zherty: Spravochnik prakticheskogo psixologa.* – M.: Eksmo, 2006. – 1008 s.
9. Glaser D., Frosh S. *Child sexual abuse. Practical Social Work Series.* Macmillan. London, 1988
10. Cherepanova E.M. *Psixologicheskij stress: Pomogi sebe i rebenku.* – M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 1997. – 96 s.
11. Kon I.S. *Vvedenie v seksologiyu.* – M.: Medicina, 1988. – 320 s.
12. Gindin G.I., Duhova O.B. *Social'no-psixologicheskaya pomoshch' detyam -zhertvam seksual'nogo nasiliya v sem'e.* – Volgograd, 1997. – 210 s.
13. Dogadina M.A. Perezhogin L.O. *Vyyavlenie, profilaktika, reabilitaciya poterpevshih.* – M., 2000. – 189 s.
14. Baker A., Duncan S. *Child sexual abuse: a study of prevalence in Great Britain // Child Abuse and Neglect.* 1985. Vol. 9. R. 357-367.